


БЕКІТЕМІН



Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесін жоспарлауға арналған уақыт нормаларының регламенті

1. Осы регламент Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті кафедраларының профессор-оқытушылар құрамының (бұдан әрі – ПОҚ) оқу жүктемесін жоспарлау кезінде қолданылатын уақыт нормаларын айқындайды.

2. ПОҚ-тың оқу жүктемесін кафедра меңгерушісі кафедраның штаттық кестесіне, біліктілігі мен бейініне байланысты жеке белгілейді.

3. ПОҚ-тың лауазымдар бөлінісіндегі аудиториялық жүктемесінің көлемі «Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ ПОҚ біліктілік кәсіби стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Аудиториялық және аудиториядан тыс жүктеменің арақатынасын бекітілген штаттық кестені, кафедра бойынша орташа педагогикалық жүктемені, кафедра бейінін (бітіртіп шығарушы немесе жалпы университеттік), оқытушылардың біліктілігін, ПОҚ атқаратын лауазымын ескере отырып кафедра меңгерушісі дербес айқындайды.

5. Оқытушылардың білім алушылармен оқу жұмысына бекітілген кестеге сай келесі жағдайларда сағаттық ақы төленеді:

- пәндерді қайта оқу;
- қайта қабылдау және ауыстыру кезінде жұмыс жоспарларындағы академиялық айырмашылықты жою;
- бейіндік магистратура түлектері үшін педагогикалық даярлық бағдарламасын меңгеру.

6. ПОҚ-тың оқу жүктемесін есептеу жұмыс түрлері бөлінісінде келесі уақыт нормаларын¹ ескеруі тиіс:

¹ Аталған уақыт нормалары 2022-2023 оқу жылынан бастап қолданылуы қажет.

№	Жұмыс түрлері	Сағатпен есептелетін уақыт нормалары	Ескертпе
6.1	Дәріс сабақтарын өткізу ²	Академиялық сағат (50 минут) астрономиялық сағатқа тең	Бір академиялық лекке (100-150 адам) есептегенде
6.2	Практикалық, семинар, зертханалық сабақтар өткізу, БОӨЖ ²	Академиялық сағат (50 минут) астрономиялық сағатқа тең	БОӨЖ топтарының толымдылығы 50 адамды құрауы тиіс
	Магистратура мен докторантурада БОӨЖ жүргізу	Оқу пәнінің бір кредитіне аптадағы академиялық сағат	
	Тәлімгерлікті жүзеге асыру	200 сағат	Кафедраның еңбек сіңірген профессоры үшін
	Ғылыми зерттеулер жүргізу	300 сағат	Кафедраның зерттеуші-профессоры үшін
6.3	Емтихан қабылдау, аралық бақылау	Тестілеу – оқу жұмыс жоспарында аралық аттестаттауға (АА) бөлінген сағат көлеміне сәйкес	Барлық пәнге есептегенде
		Ауызша / Жазбаша нысан – 0,2 сағат	Бір білім алушыға есептегенде
6.4	Курстық жұмыстарға/жобаларға жетекшілік ету	Оқу пәнін игеруге бөлінген сағаттар немесе кредиттер шегінде орындалады	Курстық жұмыстарды (жобаларды) жазу бойынша консультациялар БОӨЖ сағаттары есебінен жүргізіледі
6.5	Курстық жұмыстар қорғауды қабылдау	0,2 сағат	Бір студентке есептегенде
6.6	Есептерін қорғата отырып кәсіптік практикаға жетекшілік ету	Бір білім алушыға аптасына бір сағат. Магистранттардың педагогикалық практикасына жетекшілік ету үшін	

² Егер магистранттар мен докторанттар саны 1-2 адамды құраса, онда аудиториялық жүктеменің 30%-ы жоспарланады.

№	Жұмыс түрлері	Сағатпен есептелетін уақыт нормалары	Ескертпе
		мамандандыру кафедрасына 0,5 сағат; психология кафедрасына – 0,25 сағат; бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасына – 0,25 сағат жоспарланады	
6.7	Студенттердің дипломдық жұмыстарына жетекшілік ету	жылына 23 сағат	Бітіруші курстың бір білім алушысына есептегенде, бір жетекшіге 10 студенттен артық емес
	Студенттердің/магистранттардың бітіру жобаларына жетекшілік ету	жылына 10 сағат	Бір білім алушыға есептегенде, бір жетекшіге 15 білім алушыдан артық емес
	Магистрлік диссертацияларға жетекшілік ету	жылына 25 сағат	Бітіруші емес курстың бір магистрантына есептегенде
		жылына 45 сағат	Бітіруші курстың бір магистрантына есептегенде, бір жетекшіге 5 магистранттан артық емес
	ҚарУ-дан ғылыми кеңесшілер үшін докторлық диссертацияларға жетекшілік ету	- бірінші курста – 56 сағат; - екінші курста – 108 сағат; - үшінші курста – 112 сағат	бір докторантқа есептегенде, бір жетекшіге 4 докторанттан артық емес
	Шетелдік жоғары оқу орындарынан ғылыми кеңесшілер үшін докторлық диссертацияларға жетекшілік ету	- бірінші курста – 10 сағат; - екінші курста – 20 сағат; үшінші курста – 30 сағат	бір докторантқа есептегенде
	Студенттер мен магистранттардың жұмыстарына/жобаларына нормалық бақылау жүргізу	1 сағат	Бір бітіру жұмысына/жобасына есептегенде

№	Жұмыс түрлері	Сағатпен есептелетін уақыт нормалары	Ескертпе
6.8	Дипломдық жұмыстарды/ жобаларды рецензиялау	2 сағат	Бір жұмысқа/жобаға есептегенде
	Магистрлік диссертацияларды/жобаларды рецензиялау	4 сағат	Бір диссертацияға/жобаға есептегенде
6.9	Аттестаттау комиссиясының жұмысына қатысу:		Бір емтихан алушыға есептегенде
	- дипломдық жұмысты/жобаны, магистрлік диссертацияны/ жобаны қорғау кезінде	0,5 сағат	Төрағаны қоса алғанда, аттестаттау комиссиясының әрбір мүшесіне есептегенде
	- студенттерді кешенді тестілеу кезінде;	Білім алушылар легіне 3 сағат	Комиссияның әрбір мүшесіне лекке жоспарланады
6.10	Жазғы семестрге қатысу	Академиялық қарыздарды жою үшін – оқу жоспары бойынша аудиториялық сағаттың жалпы көлемінен 30%	Бір топқа кемінде үш адамнан есептегенде

7. Осы регламентті өзгерту Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректормен келісілгеннен кейін Академиялық жұмыс департаментінің бастамасы бойынша жүзеге асырылады. Өзгертілген регламентті университеттің Басқарма Төрағасы- Ректоры бекітеді.